

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Ө. А Байқоңыров атындағы Тау - кен және металлургия институты

Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология кафедрасы

Айсанова Асылжан Ақжайыққызы

АЖҚС-тың экологиялық және өнеркәсіптік қауіптілік көздерін сәйкестендіру

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B05205 – Химиялық және биохимиялық инженерия

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
“Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті” коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Ө. А Байқоңыров атындағы Тау - кен және металлургия институты

Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология кафедрасы

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им.К.И.Сатпаева»
Горно-металлургический институт
им. О.А. Байконурова

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ХПжӨЭ кафедрасының
менгерушісі,
Техника ғылымдарының кандидаты
С.Ш. Кубекова Ш.Н.
«30» 05 2023 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «АЖҚС-тың экологиялық және өнеркәсіптік қауіптілік көздерін сәйкестендіру»

6B05205 – «Химиялық және биохимиялық инженерия»

Орындаған

Айсанова А.А.

Рецензент
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
“Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО”
кафедрасының
PhD докторы, доцент қ.а
Қалдыбаева С.Т.
«04» 06 2023 ж.

Ғылыми жетекші
техника ғылымдарының кандидаты,
аға оқытушы
Нұрұлдаева Г. Ж.
«30» 05 2023 ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө. А Байқоңыров атындағы Тау - кен және металлургия институты

Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология кафедрасы

6B05205 – Химиялық және биохимиялық инженерия



Кубекова Ш.Н.
2023 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға берілген
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Айсанова Асылжан Ақжайыққызы

Тақырыбы: «АЖКС-тың экологиялық және өнеркәсіптік қауіптілік көздерін сәйкестендіру»

Университет ректорының 2022 жылғы "23" қарашадағы № № 408-П/Ө бұйрығымен бекітілген Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі « 10 » мамыр 2023 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: «LNP» автожанармай құю станциясының ластану көздері жайлы деректер, өндірістік және диплом алды тәжірибеден жиналған мәліметтер.

Дипломдық жұмыста әзірленуге жататын мәселелердің тізбесі немесе дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны:

- а) "LNP" автожанармай құю станциясының жалпы сипаттамасы;
- б) Автожанармай құю станциясындағы экологиялық және өндірістік қауіптердің көздері;
- в) "LNP" автожанармай құю станциясында орын алған төтенше жағдай жайлы мәліметтер;
- г) Қоршаған ортаны қорғау және төтенше жағдайдың алдын алу шаралары мен техникалық шешімдері




Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде сызбалардың саны көрсетілген сызбалық материалдар тізімі): жұмыс презентациясының 15 слайдтары ұсынылған

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 16 атаудан тұрады


Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атаулары, әзірленетін мәселелердің тізбесі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
"LNP" автожанармай құю станциясының жалпы сипаттамасы	16.01.2023 - 03.02.2023	
Автожанармай құю станциясындағы экологиялық және өндірістік қауіптердің көздері	06.02.2023 - 28.02.2023	
"LNP" автожанармай құю станциясында орын алған төтенше жағдай жайлы мәліметтер	01.03.2023 – 17.03.2023	
Қоршаған ортаны қорғау және төтенше жағдайдың алдын алу шаралары мен техникалық шешімдері	20.03.2023 – 10.05.2023	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары


Бөлімдердің атаулары	Ғылыми жетекші мен кеңесшілер, Т.А.Ә. (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
"LNP" автожанармай құю станциясының және технологиялық процестердің сипаттамасы	техн. ғылым.кандидаты, аға оқытушы Нұрұлдаева Г. Ж	23.02.2023	
Автожанармай құю станциясында қоршаған ортаны қорғау және төтенше жағдайдың алдын алу шаралары мен техникалық шешімдері	техн. ғылым.кандидаты, аға оқытушы Нұрұлдаева Г. Ж	04.05.2023	
Нормобақылаушы	техн. ғылым.кандидаты, аға оқытушы Нұрұлдаева Г. Ж	05.05.2023	

Ғылыми жетекші



Нұрұлдаева Г. Ж.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Айсанова А.А.

Күні

« 16 » 01

2023 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс автожанармай құю станцияларындағы қоршаған ортаның ластануы мен өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселесіне арналған. Жұмыста осы саланың қазіргі жағдайы мен мәселелеріне талдау жүргізілді, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануына және жанармай құю станциясындағы апаттық жағдайлардың туындауына әсер ететін факторлар зерттелді.

Дипломдық жұмыстың мақсаты - тәуекелдерді азайту және автожанармай құю станцияларындағы экологиялық қауіпсіздіктің тиімділігін арттыру бойынша шаралар мен ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу барысында жанармай құю станциясындағы тәуекелдерді бағалау мен басқарудың заманауи әдістері мен тәсілдеріне негізделген практикалық ұсыныстар жасалды. Алынған нәтижелер жанармай құю станциясындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік пен экологиялық қауіпсіздік жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа посвящена проблеме загрязнения окружающей среды и промышленной безопасности на автозаправочных станциях. В работе проведен анализ современного состояния и проблем данной отрасли, а также изучены факторы, влияющие на загрязнение окружающей среды и возникновение аварийных ситуаций на заправочной станции.

Цель дипломной работы-выработка мер и предложений по снижению рисков и повышению эффективности экологической безопасности на автозаправочных станциях. В ходе исследования были выработаны практические рекомендации, основанные на современных методах и подходах к оценке и управлению рисками на заправочной станции. Полученные результаты позволят усовершенствовать систему промышленной безопасности и экологической безопасности на заправочной станции.

ABSTRACT

Diploma work is devoted to the problem of environmental pollution and industrial safety at gas stations (gas stations). The paper analyzes the current state and problems of this industry, as well as the factors affecting environmental pollution and the occurrence of emergencies at a gas station.

The purpose of the work is to develop measures and proposals to reduce risks and improve the effectiveness of environmental safety at gas stations. In the course of the study practical recommendations were developed based on modern methods and approaches to risk assessment and management at a gas station. The results obtained will allow to improve the system of industrial safety and environmental safety at the gas station.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Автожанармай құю станцияларының жалпы сипаттамасы	8
1.1 Автожанармай құю станциясының жіктелуі	8
1.2 Автожанармай құю станцияларын пайдалану ерекшеліктері	8
2 "LNP" автожанармай құю станциясының жалпы сипаттамасы	10
2.1 Автожанармай құю станциясының ситуациялық карта-схемасы	10
2.2 Автожанармай құю станциясының орналасқан ауданның климаттық жағдайы	11
3 "LNP" автожанармай құю станциясының технологиялық схемасы	14
3.1 Автожанармай құю станциясындағы резервуарлар	14
4 "LNP" автожанармай құю станциясындағы технологиялық процестердің сипаттамасы	16
5 Автожанармай құю станциясының атмосфераның ластану көзі және өндірістік қауіп көзі ретіндегі сипаттамасы	17
5.1 Қоршаған ортаның мұнай өнімдерімен ластану қаупі	17
5.2 "LNP" автожанармай құю станциясындағы атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар	17
5.3 "LNP" автожанармай құю станциясындағы технологиялық жабдықтардың ішінде жанғыш ортаның пайда болуы	18
5.4 Автожанармай құю станциясындағы экологиялық және өндірістік қауіптердің көздері	21
6 "LNP" автожанармай құю станциясында орын алған төтенше жағдай жайлы мәліметтер	23
7 Автожанармай құю станциясында қоршаған ортаны қорғау және төтенше жағдайдың алдын алу шаралары мен техникалық шешімдер	24
7.1 "ЭКО-Н" мұнай ұстағышын орнату	24
7.2 Буды қайта өңдеу жүйесі	26
7.3 Апаттық ағындылар мен нөсерлі кәріз арасындағы суды автоматты түрде қайта бағыттау жүйесі.	28
7.4 Автожанармай құю станциясы аумағының периметрі бойынша автоцистерна алаңына шектеуші жиектерді орнату	32
ҚОРЫТЫНДЫ	36
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	37

КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамда қоршаған ортаны ластау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі ең өзекті және маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Автожанармай құю станцияларының саласы да ерекшелік емес, өйткені ол мұнай өнімдерінің айналымына тікелей байланысты және қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін ықтимал қауіптерге ие.

Автожанармай құю станциялары көлік саласы инфрақұрылымының құрамдас бөлігі болып табылады. Дегенмен, олардың қызметі қоршаған ортаның ластануы, өрттер мен төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігі, сондай-ақ адам денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін бірқатар мәселелермен байланысты.

Бұл дипломдық жұмыстың мақсаты - автожанармай құю станциясындағы қоршаған ортаның ластануы және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселесін зерттеу және талдау, сондай-ақ осы саладағы тәуекелдерді азайту және экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша шаралар мен ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

Зерттеу нысаны – Семей қаласындағы "LNP" автожанармай құю станциясы.

Қойылған мақсатты шешу үшін келесі міндеттер орындалды:

- әдеби дереккөздерді іздеу және талдау жүргізілді;
- автожанармай құю станциясының технологиялық процесі зерттелді;
- автожанармай құю станциясындағы қауіп көздері талданды;
- технологиялық процесте қолданылатын заттар мен материалдардың қауіптілігі бағаланды;
- қауіп деңгейін төмендету бойынша шаралар әзірленді;

Зерттеу барысында автожанармай құю станциясында қолданылатын технологиялық процестер зерттеліп, мұнай өнімдерінің айналымына байланысты қауіп көздері талданады.

Ұсыныстарды іске асыруға кететін шығындардың талдауы және олардың жанармай құю бекеттеріндегі қауіп-қатерді азайту және қауіпсіздікті арттыру тұрғысынан тиімділігін бағалау жүргізіледі.

1 Автожанармай құю станцияларының жалпы сипаттамасы

1.1 Автожанармай құю станциясының жіктелуі

Автожанармай құю станциясы - арнайы құрылғылармен жабдықталған және автомобильдерді жанармаймен қамтамасыз ететін кешен. Бұдан басқа, жанармай құю станциясында келесі қосымша қызметтер жүзеге асырылады:

- көліктерге арналған майлар мен қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтарды сату;
- жеке көлік иелерінен пайдаланылған майларды қабылдау;
- көліктерге техникалық қызмет көрсету және жуу қызметтерін ұсыну.

Автожанармай құю станциялары көліктердің барлық түрлеріне қызмет көрсетуге арналған және олардың негізгі сипаттамаларына сәйкес әртүрлі түрлеріне бөлінеді. Пайдалану мақсаттарына байланысты автожанармай құю станцияларын мамандандырылған (белгілі бір ұйымға немесе мекемеге арналған) немесе жалпыға қол жетімді деп жіктеуге болады. Орналасқан жері бойынша жанармай құю станцияларын қалалық, жол, өзен және ауылдық жерлерге бөлуге болады. Осы айырмашылықтардың нәтижесінде жанармай құю станцияларының құрылымы мен сипаттамалары айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Жанармай құю станцияларының әртүрлі белгілері бойынша жіктелуі 1.1.1 - суретте көрсетілген.

Стационарлық автожанармай құю станциясы қалаларда, елді мекендерде және автожолдарда орналасады. Сыйымдылығы бойынша стационарлық типтік автожанармай құю станциясы тәулігіне 200, 250, 500, 750 және 1000 көліктерге арналған сыйымдылықтарымен бөлінеді. Өнімділік бойынша олар "қарбалас сағаттарда" сағатына жанармай құю санына бөлінеді: сағатына 57, 100, 135 және 170 көліктерге құю бойынша.

1.2 Автожанармай құю станцияларын пайдалану ерекшеліктері

Қазақстандағы автожанармай құю станциясының тарихы 1930-шы жылдардан, елімізде алғашқы жолдар салына бастаған кезден басталды. Осы кезде жанармаймен қамтамасыз ету үшін алғашқы жанармай құю станциялары салынды.

1930-1960 жылдар аралығында Қазақстанда жанар-жағармай құю станцияларының саны аз болса, 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мұнай өнеркәсібінің белсенді дамуы және жаңа жанармай құю станцияларының салынуы байқалды.


Қазақстанның орасан зор мұнай ресурстары бар және оның экономикасы мұнай мен газды өндірумен және экспорттаумен тығыз байланысты. Еліміздегі мұнай өнеркәсібінің дамуы жанар-жағармай құю станциялары желісінің кеңеюіне ықпал етті.

2000 жылдары Қазақстанда қызмет көрсету сапасын арттыру және станциялардағы қауіпсіздікті арттыру мақсатында автожанармай құю станцияларын белсенді жаңғырту басталды.

Сонымен қатар, соңғы жылдары елімізде сұйытылған табиғи газ (СТГ) және электр энергиясы сияқты балама отынды пайдалану белсенді түрде дамып келеді. Осыған байланысты жанармайдың осындай түрлерімен жанармай құюды ұсынатын автожанармай құю станцияларының дамуы байқалады.

Автожанармай құю станциялары Қазақстан экологиясында маңызды рөл атқарады, өйткені олар көліктердің таза және сапалы отынға қолжетімділігін қамтамасыз етуі тиіс. Жанармайдың жақсы сапасы атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын азайтудың және қоршаған ортаны қорғаудың маңызды факторы болып табылады.

Еліміздегі жанармай құю станцияларын жаңғырту энергия тиімділігін арттыруға және экологиялық таза технологияларды пайдалануға бағытталған. Мысалы, бензин буының рециркуляциялық жүйелерін (Vapor Recovery Units) енгізу жанармай құю кезінде атмосфераға бу шығарындыларының алдын алуға көмектеседі.



Сурет 1.1.1 - Автожанармай құю станцияларының жіктелуі

2 "LNP" автожанармай құю станциясының жалпы сипаттамасы

2.1 Автожанармай құю станциясының ситуациялық карта-схемасы

Дипломдық жұмыста қарастырылып отырған нысан - Абай облысының Семей қаласында Әсет Найманбаев көшесі, 3"б" мекенжайы бойынша орналасқан "LNP" автожанармай құю станциясы.

"LNP" компаниясы 1995 жылы құрылған және бүгінде Шығыс Қазақстан өңіріндегі автожанармай құю станцияларының жетекші желілерінің бірі болып табылады. Компанияның негізгі қызметі осы өңірдегі көтерме және бөлшек сауда арналары арқылы жанар-жағармай материалдарын (ЖЖМ) сатып алу және сату болып табылады.

Компанияда Семей, Өскемен, Зырян және Риддер қалаларында орналасқан жанармай құю станцияларының желісі бар. Сонымен қатар, "LNP" автожанармай құю станциясы Черемшанка, Асу-Бұлақ және Көкпекті ауылдарында да бар.

Бұл автожанармай құю станциясы жанармай құю станцияларын жобалау, салу және пайдалану нормалары мен ережелерін белгілейтін ҚР СТ 929-2004 «Мұнай-газ өнеркәсібі объектілерін жобалау ережелері мен нормалары» талаптарына сәйкес стационарлық типке жатады.

Сонымен қатар, автожанармай құю станциясы кешені отынның үш түрін: АИ-80, АИ-92, АИ-95 бензиндерін, дизельдік отынды сақтауға және таратуға, автокөліктерді жанармаймен ақылы түрде құюды ұйымдастыруға арналған.

Автожанармай құю станциясынан тұрғын үй құрылысына дейінгі қашықтық 200 метрден асады. Автожанармай құю станциясындағы жолдар мен алаңдар асфальтбетон немесе цемент-бетон жабынымен жабылған. Жанғыш сұйықтықтармен технологиялық процестер жанармай құю станцияларында жүзеге асырылатындығына байланысты жарылыстар мен өрттердің пайда болу қаупі бар, әсіресе дұрыс жұмыс істемеу немесе төтенше жағдайлар кезінде әртүрлі апаттық жағдайлар орын алады.

Автожанармай құю бекеті өндірістік аймақтармен және шығыс, солтүстік және солтүстік-батыс жағынан дамымаған аумақтармен (бос жерлермен) қоршалған. Оңтүстік-батыс жағында зират орналасқан. Ең жақын тұрғын аймақ жанармай құю бекетінен батысқа қарай шамамен 150 метр қашықтықта, ал санитарлық қорғаныс аймағы 100 метрді құрайды. Объекіден оңтүстік - батыста орналасқан Ертіс өзеніне дейінгі қашықтық шамамен 2558 метрді, ал Семей өзеніне дейінгі қашықтық - 530 метрді құрайды. Нысанның маңында оның аумағымен жанасатын ормандар, ауылшаруашылық алқаптары, демалыс аймақтары мен су қабылдағыштар жоқ.



Сурет 2.1.1 - Автожанармай құю станциясының ситуациялық карта-схемасы

2.2 Автожанармай құю станциясының орналасқан ауданның климаттық жағдайы

Семей – Абай облысында, Ертіс өзенінің екі жағасында орналасқан, Қазақстанның өңірлік маңызы бар қаласы.

Абай облысы қоңыржай - құрғақ климатпен сипатталатын II агроклиматтық аймақта орналасқан. Бұл аймақта қысы суық және жазы ыстық, құрғақ континентальды климат басым. Жергілікті климаттың бір ерекшелігі - жыл мезгілдерінің өзгеруімен температураның күрт өзгеруі және жыл бойына температураның айтарлықтай өзгеруі.

Атмосфералық айналымда бұл аймаққа жылдың көп бөлігінде оңтүстік-шығыстан үстемдік ететін өткір азиялық антициклон әсер етеді, ал жазда батыстан суық арктикалық ағындар мен Атлантикалық аймақтан ауа ағындары соғады. Желдер әдетте батыс пен оңтүстіктен соғады.

Бір жыл ішінде бұл аймақтағы ауа температурасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Қыста тұрақты қатты аяз болады, күзде температура күрт көтеріледі, ал жазда жылу ұзақ уақыт сақталады. Шілде - ауаның орташа максималды температурасы 29,3 °С болатын ең жылы ай, ал қаңтар - орташа температурасы -23,2 °С болатын ең суық ай. Ұзақ мерзімді бақылаулар

негізінде жауын-шашынның жалпы жылдық мөлшері 278 мм құрайды, жауын-шашынның 76% - ы жылдың жылы мезгілінде, сәуірден қазанға дейін түседі.

Кесте 2.2.1 - Орташа айлық, жылдық ауа температурасы

Ай	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	Жыл
Т°С орт.	- 23.2	- 17.3	- 9.4	4.2	13.2	19.5	29.3	18.5	12.3	3.5	7.0	- 14.4	2.5

Желдің орташа жылдық жылдамдығы 7 м/с.

Рельефтің салыстырмалы түрде тегіс беті және аумақтың әртүрлі шығу тегі ауа массаларының енуінен осалдығына байланысты желдің белсенді әрекеті үшін қолайлы жағдайлар жасалады. Аудан негізінен батыс және оңтүстік-батыс бағыттағы континенттік желдермен сипатталады. Жыл бойы тыныш позициялар сирек кездеседі. Ең күшті желдер суық кезеңде болады, ал жылы кезеңде олардың жылдамдығы аздап төмендейді. Қатты желдер негізінен ауыспалы маусымдарда байқалады.

Жазда батыс және солтүстік-батыс желдері басым. Жел белсенділігі барлық маусымға тән, бірақ ол көктемде немесе қыста ең қарқынды болады. Ол ылғалдылықтың болмауынан және желдің жоғары жылдамдығынан шанды дауылдар мен құрғақ желдер пайда болатын жазда қоршаған ортаға ең көп әсер етеді.

Атмосфераның ластануына әсер ететін метеорологиялық факторлар атмосферадағы ластаушы заттардың таралуымен тығыз байланысты. Бұл әсіресе ерекше метеорологиялық жағдайлар жасалған қалаларда байқалады. Алайда, атмосфераның төменгі қабатындағы ластанудың концентрациясына тікелей әсер ететін нақты метеорологиялық параметрді бөліп көрсету қиын, өйткені әсер осы параметрмен байланысты ауа-райының барлық жиынтығы болып табылады. Белгілі бір аймақтағы ластану концентрациясының жоғарылауы әртүрлі метеорологиялық параметрлердің жиынтығына байланысты.

Ластаушы заттардың таралуына әсер ететін ең маңызды метеорологиялық факторлар: температура режимі (әсіресе температураның өзгеруі), жел режимі, ылғалдылық деңгейі, күн радиациясы, жауын-шашынның мөлшері мен сипаты.

Өнеркәсіп пен көліктен шығарындылардың тұрақты көлемі мен құрамы болса да, шамамен бірдей халқы бар қалалардағы ауаның ластану деңгейі метеорологиялық жағдайлардың әсерінен бірнеше есе өзгеруі мүмкін.


Берілген шығарындылардағы атмосфераның ластану деңгейін анықтайтын метеорологиялық факторлардың жиынтығы атмосфераның ластану потенциалы (АЛП) деп аталады. Бұл сипаттама атмосфераның сейілту (шашыратқыш) қабілетіне (АШҚ) қарама-қарсы, ол температураның тік

таралуына және желдің жылдамдығына байланысты. АШҚ неғұрлым жоғары болса, АЛП соғұрлым төмен болады.

БНҚ 211.2.01.01-97 сәйкес атмосферадағы ластаушы заттардың таралу жағдайларын анықтайтын метеорологиялық сипаттамалар мен коэффициенттер 2.2.2 - кестеде келтірілген.

Кесте 2.2.2 - “LNP” автожанармай құю станциясындағы ластаушы заттардың таралу шарттарын анықтайтын метеорологиялық коэффициенттер мен сипаттамалар

Сипаттама атауы	Мәні
Атмосфераның температуралық стратификациясына байланысты коэффициент, А	200
Қаладағы жер бедерінің коэффициенті	1.00
Жылдың ең ыстық айындағы сыртқы ауаның орташа максималды температурасы, °С	29.3
Ең суық айдағы сыртқы ауаның орташа температурасы (жылыту кестесіне сәйкес жұмыс істейтін қазандықтар үшін), °С	- 22.1
Орташа жылдық жел раушаны, %	
С	10.7
СШ	6.3
Ш	11.3
ОШ	16.0
О	14.7
ОБ	13.4
Б	14.6
СБ	13.0
Желдің орташа жылдық жылдамдығы, м / с	2.5
Желдің жылдамдығы (орташа көпжылдық деректерде), оның асып кету жиілігі 5% құрайды. м / с	7.0



Сурет 2.2.1 – Жел раушаны

3 “LNP” автожанармай құю станциясының технологиялық схемасы

3.1 Автожанармай құю станциясындағы резервуарлар

Автожанармай құю станциясының аумағы функционалдық жағынан бірнеше аймақтарға бөлінген, оның ішінде автокөлік жолы аймағы, жанармай құю станциясы аймағы және қоғамдық орталық аймағы бар. Кіру аймағында кіру-шығу жолдары, сонымен қатар ақпараттық және жарнамалық тақталар бар.


Жанармай құю станциясының аймағы келесі бөліктерді қамтиды:

- "Қойма" аймағы, отыны бар резервуарлар мен отынды резервуарларға ағызуға арналған жүйелер орналасқан;

- "Тазарту құрылыстары", өндірістік және нөсер ағындарын жинауға арналған құдықтарды және оларды тазарту құрылыстарына беруге арналған жабдықтарды қамтиды;

- "Жанармай құю пункттері", онда жанармай құюды күтіп тұрған автомобильдерді күтуге арналған отын тарату бағаналары мен алаңдары орнатылған;

- «өндірістік бөлік», оператор бөлмесі.



1 - операторлық бөлме; 2 - шатыр; 3 - отын тарату бағанасы; 4- отынды сақтауға арналған резервуар; 5 - апаттық резервуар; 6-жаңбыр суын жинауға арналған резервуар; 7 - қоғамдық дәретхана; 8-отынды төгуге арналған алаң; 9- техникалық бөлімдердің люктері; 10-жаңбыр суын жинауға арналған құдықтар; 11-жарнама тақтасы

Сурет 3.1 - Автожанармай құю станциясының орналасу схемасы

Жанармай құю станциясындағы техникалық ғимараттар:

- станцияның жұмысын басқаруға және бақылауға арналған жабдық орналасқан операторлық бөлме;
- жеңіл автомобильдерге жанармай құюға арналған отын тарату бағаналары;
- жүк көліктеріне жанармай құюға арналған отын тарату бағанасы;
- отын сақтауға арналған резервуарлар орналасқан резервуар паркі;
- апаттық отын төгілуін жинауға арналған резервуар;

Резервуар паркі 4 резервуардан тұрады:

- 2 отын резервуары;
- 1 апаттық отын төгетін резервуар;
- 1 ағынды су ыдысы.

Резервуарлар жерасты, екі қабырғалы, көлденең және екі камералы, көлемі 50 (20+30) м³. Резервуардың қабырғалары арасында инертті азот газы бар, ол тығыздықты бақылауға қызмет етеді. Әр резервуарда төрт технологиялық бөлім бар - екеуі аспаптық және екеуі тексеруге арналған. Технологиялық бөлімдер жер деңгейінен 200 мм жоғары көтеріліп, жауын-шашынның алдын алу үшін қақпақтармен жабылған.

Резервуарлардың сыйымдылығы, оның ішінде:

- "АИ-80" бензині-30 м³;
- "АИ-92" бензині-30 м³;
- "АИ-95" бензині-20 м³;
- дизель отыны-20 м³.

Резервуар көлденең, жер асты, болаттан жасалған, жанармай мен ағынды сулардың апаттық төгілуін жинауға арналған. Көлемі V= 10м³.

Жанармай құю станциясы автоцистерналарға (сұйықтықты немесе газды тасымалдауға арналған мамандандырылған көлік) арналған алаңмен жабдықталған, оған мыналар кіреді:

- автоцистерналардың қауіпсіз кіруін және шығуын қамтамасыз ететін пандустар;
- автоцистернаның су төгетін құбырының қысымы мүмкін болған жағдайда толып кету қауіпсіз алаңнан отынды ағызу үшін арналған шұңқыр және ағызу құбыры.

4 “LNP” автожанармай құю станциясындағы технологиялық процестердің сипаттамасы

Автожанармай құю станциясында қолданылатын технологиялық процестер станцияның тиімді және қауіпсіз жұмыс істеуі үшін өте маңызды. “LNP” автожанармай құю станциясында технологиялық процестерге:

- мұнай өнімдерін қабылдау процесі;
- отынды сақтау процесі;
- жанармай беру процесі;
- мұнай өнімдерін жинау процестері жатады.

Мұнай өнімдерін қабылдау процесінде мұнай өнімдері автожанармай құю станциясына арнайы көлікпен жеткізіледі. Толтырылғаннан кейін автоцистерналар отынға рұқсатсыз қол жеткізу мүмкіндігін болдырмау үшін техникалық құжаттамаға сәйкес пломбланады. Мұнай өнімдерін автожанармай құю станцияның резервуарларына қабылдауды кемінде екі қызметкер жүргізеді.

Отынды сақтау процесінде отын жер асты резервуарларында қалыпты атмосфералық қысым мен бақыланатын температурада уақытша сақталады. Резервуарларды жер астында орналастыру төтенше жағдайлар қаупін азайтады және бу шығарындыларын азайтады. Екі қабырғалы резервуарлар инертті газбен толтырылған, бұл қабырғалардың күйін бақылауға мүмкіндік береді. Резервуардың қабырғааралық кеңістігінің тығыздығы манометрдің көмегімен мезгілді тексеріледі. Әрбір резервуар дұрыс жұмыс істеуі үшін барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған. Сонымен қатар, резервуарларды отынмен толтыру кезінде тұтынушыға отын таратқыштар арқылы отын беру мүмкін емес.

Жанармай беру жанармай құю станциясының операторынан сигнал алған кезде резервуарда орналасқан сорғымен жүзеге асырылады. Отын жерасты құбыры арқылы берілген отын есепке алынатын отын тарату бағанына беріледі. Содан кейін жанармай шланг арқылы көлікке жіберіледі.

Отын толып кеткен немесе төгілген жағдайда артық отынды жинау үшін авариялық ыдыстар пайдаланылады. Құрамында мұнай өнімдері, су және құм бар нөсер сулары арнайы жобаланған резервуарлардың көмегімен жиналады. Жинақталғаннан кейін сұйықтық сорылып, қалалық тазарту құрылыстарына шығарылады.

Мұндай шаралар автожанармай құю станциясында мотор отынының қауіпсіз сақталуын, қабылдануын және берілуін қамтамасыз етеді.

5 Автожанармай құю станциясының атмосфераның ластану көзі және өндірістік қауіп көзі ретіндегі сипаттамасы

5.1 Қоршаған ортаның мұнай өнімдерімен ластану қаупі

Мұнай өнімдерімен қоршаған ортаны ластау қаупі жанармай, дизельдік отын және майлар өңделетін автожанармай құю станциясында туындайды. Мұнай өнімдерінің төгілуі бірнеше себептерге байланысты болуы мүмкін: резервуарлардан ағып кету, операторлар мен жүргізушілердің құю жабдығына ұқыпсыз қарауы, көлік құралдарының ақаулары және қоршаған ортаға зиянды заттардың шығуы. Мұндай төгілулер жанармай құю станциясының алаңында мұнай өнімдерінің жиналуына және олардың іргелес аумаққа төгілуіне әкеледі. Нәтижесінде мұнаймен ластану станцияның өзінде де, оның маңайында да орын алады.

“LNP” автожанармай құю станциясында жинақтаушы типті резервуар орнатылған, ол толығымен толтырылған кезде тазарту қондырғысына тасымалданады. Бірақ мұндай құрылымдардың көлемі шектеулі және ауаның, судың және топырақтың барлық ластануын толығымен жинай алмайды, әсіресе жауын-шашын немесе төтенше жағдайлар кезінде қиындықтар туындайды.

5.2 “LNP” автожанармай құю станциясындағы атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар

Жанармай - оңай тұтанатын және жеңіл көмірсутектер қоспасынан тұратын түссіз сұйықтық. Олар жанғыш заттар тобына жатады, өйткені олар темекі немесе жанып тұрған сіріңке сияқты шамалы тұтану көзінен тұтануы мүмкін.

Дизель отыны аз жанғыш болғанымен, қауіп төндіреді. Бұл оның төмен булануына және бос жерлерде жиналып, материалдарды сіңдіру мүмкіндігіне байланысты, бұл өрт жүктемесін арттырады.

Автожанармай құю станциясында қолданылатын бензиндер мен дизель отыны қоршаған ортаға үлкен зиянын тигізетін және өрт, жарылыс қаупі бар заттар болып табылады. Олармен жұмыс істеу кезінде өндірістік қауіпсіздік және экологиялық қауіпсіздік факторларын ескеру қажет.

Семей қаласындағы “LNP” автожанармай құю станциясы жылына 365 күн тәулік бойы жұмыс істейді, тұтынушыларға кез келген уақытта жанармай және басқа да автокөлік қызметтеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Алайда, мұнымен қатар атмосфераға әртүрлі ластаушы заттардың шығу мүмкіндігі де бар (Кесте - 5.2.1). Соның бірі, күкіртсутегінің өткір иісімен танымал химиялық қосылыс болып табылатын дигидросульфидті қамтуы мүмкін. Пентан, бензол және алкандар жанармай құю станциясындағы сорғылар мен басқа жабдықтардан шығатын газдар мен буларда да болады.

Кесте 5.2.1 - “LNP” автожанармай құю станциясындағы атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың тізбесі

№	Ластаушы заттың атауы	ШРК, макс.бір реттік мг/м ³	ШРК орташа тәуліктік мг/м ³	Қауіптілік класы	Заттың шығарындысы, г/с	Заттың шығарындысы, т/жыл
1	Дигидросульфид (күкіртсутек)	0,008		2	0,00002535	0,00006445
2	Пентан	100	25	4	3,177	0,784
3	Пентилендер (амилендер-изомерлердің қоспасы)	1,5		4	0,0857	0,02116
4	Бензол	0,3		2	0,0789	0,019456
5	Диметилбензол (ксилол) (о-, м-, п- изомерлердің қоспасы)	0,2	0,1	3	0,00995	0,0024533
6	Метилбензол (толуол)	0,6		3	0,07442	0,01835
7	Этиленбензол	0,02		3	0,002058	0,0005076
8	Алкандар С12-С19(соңғы көмірсутектер С12-С19; еріткіш РПК-265 және т.б.) /органикалық көміртегінің жалпы мөлшері/	1		4	0,009024	0,02295
	Барлығы				3,43707735	0,86895135
Жалпы қауіптілік коэффициенті:				Қауіптілік санаты: 4		

5.3 “LNP” автожанармай құю станциясындағы технологиялық жабдықтардың ішінде жанғыш ортаның пайда болуы

Технологиялық жабдықтың ішінде жанғыш ортаның пайда болуы мүмкін екенін анықтау үшін жұмыс температурасы, қысым, концентрация және сұйықтық бетіндегі бос көлем сияқты негізгі жұмыс параметрлерін ескеру қажет.

Сұйықтықтары бар жабық жүйелерде жанғыш ортаның пайда болуы сұйықтықтың бетінде бос көлем болған жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл жағдайда сұйықтық буланып, оның булары бос кеңістікте біртіндеп таралады. Егер бұл бос көлемде ауа немесе кез келген басқа тотықтырғыш болса, сұйық бу онымен араласып, жанғыш ортаны құра алады.

Бұл жағдайда жанғыш атмосфераның пайда болу мүмкіндігін бағалау үшін арнайы шарттар қолданылады. Жанғыш ортаның пайда болуы үшін бос көлемнің болуымен қатар келесі теңсіздік орындалуы керек:

$$\varphi_T \leq \varphi_p \leq \varphi_{ж}, \quad (5.3.1)$$

мұндағы,

φ_T – жалынның таралуы үшін концентрацияның төменгі шегі, көлемдік үлес %;

φ_p - сұйық бетіндегі будың концентрациясы, моль/л;

$\varphi_{ж}$ – жалынның таралуына арналған концентрацияның жоғарғы шегі, көлемдік үлес %.

Будың концентрациясы бос кеңістіктің биіктігі бойынша біркелкі емес таралатынын ескеру маңызды.

Үнемі 80%-дан 95%-ға дейінгі деңгейде жанармай құйылатын резервуарларда жанармай буларының концентрациясы қанығу мәндеріне жақын, жарылғыш концентрацияның пайда болуы болмайды. Алайда, жанғыш ортаның пайда болу мүмкіндігі келесі жағдайларда болады:

- құбырларда, мұнай өнімдерін төгу немесе тиеу кезінде;
- жанармай таситын көліктің бөшкесінде(босаған кезде);
- апаттық резервуардан жанармайды төгу кезінде.

Мұндай жағдайларда жанармай булары шығарылады, олар ауамен араласып, жанғыш ортаны құра алады.

Кесте 5.3.1 – Жабдықтардың өрт қауіптілігін талдау

Жабдық атауы	Аппаратта бу кеңістігінің болуы	Аппараттағы жұмыс температурасы, °C	Тұтану температурасының шектері		Жанғыш ортаның пайда болу мүмкіндігі туралы қорытынды
			төменгі	жоғарғы	
1	2	3	4	5	6
Бензин таситын көлік	+	30	- 45	24	Жарылғыш концентрация отын төгілгеннен кейін пайда болады.

5.3 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Құбырларды толтыру желілері	-	15	- 45	24	Жарылғыш концентрация пайда болмайды.
Жанармай сорғылары	-	15	- 45	24	Жарылғыш концентрация түзілмейді.
Жанармай резервуары	+	15	- 45	24	Отынды статикалық сақтау кезінде өрт қаупі жоқ, өйткені жарылғыш концентрация түзілмейді. Алайда, үлкен және кіші тыныс алу кезінде жарылғыш ортаның пайда болуы мүмкін.
Апаттық ағызу резервуары	+	15	- 45	24	Жарылғыш концентрация жоқ, бірақ жанармайдың апаттық ағуы кезінде жарылғыш орта пайда болуы мүмкін.
Деаэрация желісінің құбырлары	+	15	- 45	24	Қозғалыссыз сақтау кезінде өрт қаупі жоқ, өйткені жарылғыш концентрация пайда болмайды. Жарылғыш концентрация аз тыныс алғанда ғана пайда болуы мүмкін.

Өрт тек әлеуметтік және материалдық шығын келтіріп қоймайды, сонымен қатар қоршаған ортаны, оның ішінде ауаны, жер үсті және топырақ суларын, топырақты ластайды. Техногендік өрттер жану өнімдері, жанғыш материалдар және өрт сөндіргіш заттар сияқты химиялық қосылыстармен улануға әкеп соғады, бұл үлкен экологиялық қауіп болып табылады.

Өрттің сипаты жану жылдамдығы, өрт ауданы, жылу ағынының тығыздығы, ұзақтығы, газ алмасу және түтіннің пайда болу жылдамдығы, температура және т.б. сияқты параметрлермен анықталады. Бұл параметрлер өрттегі жағдайды және өрт қаупінің маңыздылығын, оның ішінде қоршаған ортаға әсер ететін экологиялық қауіпті өрт факторларын анықтайды. Бұл факторлар да қоршаған ортаның параметрлерін өзгертіп, оларды экологиялық қауіпті етеді.

Көбік ерітінділерін қолдану арқылы жанармай құю станциясында өрттерді сөндіру қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өрттің таралуын болдырмау үшін стандартты тәжірибе болып табылады. Дегенмен, өрт сөндіруде көбік ерітінділерін пайдалану тиісті сақтық шаралары қабылданбаса, қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін.

